

критического мышления; избирательность, становление устойчивого внимания – повышение концентрации внимания, целенаправленность восприятия.

Итак, современное оценивание должно быть гибким, многоинструментальным, понятным, психологически комфортным, двусоставным: сочетать в себе суммативное и формирующее оценивание

#### **Список литературы:**

1. Шакиров Р.Ф. Оценка учебных достижений учащихся. Методическое руководство. – Бишкек, 2012
2. Краснобородова А.А. Критериальное оценивание в школе. Учебное пособие. – Пермь, 2010
3. Вертьянова А.А. Технология критериального оценивания образовательных достижений учащихся. Учебно-методическое пособие. – Пермь, 2014
4. <http://www.ibo.org>
5. <http://xs.msedu.ru/ms45/win/ivc/index.htm>
6. <http://omczo.org/publ/393-1-0-2830>

**Хамзина Кулшат Бакытжановна**  
ҚМПИ п.ғ.м., аға оқытушы,  
Қостанай қ-сы

### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ОҚЫТУШЫСЫ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

#### **АННОТАЦИЯ**

*Еңбек рыногындағы бәсекелестікте тек қана жоғары білікті маман болу аздық ететіндіктен әр педагог өзінің имиджін қалыптастыру уақыт мұқтажыдығы. Өйткені, педагогтардың кәсіби біліктілігінің төмендігі, оқушылармен арадағы педагогикалық әдептілік негіздерінің олқылығы, педагогикалық ортадағы қарым-қатынастың сәтсіздігі және т.б. жағдайлар бүгінгі жоғары оқу орны оқытушысы имиджін қалыптастыру қажеттілігін айқындайтын сияқты.*

**Түйінді сөздер:** имидж, педагог, жоғары мектеп, кәсіби маман.

#### **АННОТАЦИЯ**

*В условиях конкурентноспособности рынка труда недостаточно быть специалистом высшей квалификации, необходима потребность в формировании педагогического имиджа учителя. Низкий уровень профессиональной компетентности, неудачи во взаимоотношении в педагогической среде, т.д. определяют потребность в формировании имиджа преподавателя в высшем учебном заведении.*

**Ключевые слова:** имидж, педагог, высшая школа, специалист.

#### **ABSTRACT**

*Under competitiveness conditions of the labour-market it is insufficient to be an expert of higher qualification, it is necessary to form a pedagogical image of a teacher. Low level of professional competence, failures in the relations in a pedagogical environment and others determine the need in the formation of a teacher image in a higher educational institution.*

**Key words:** image, teacher, expert, higher school.

*Оқытушы әлеуметтік әділеттіліктің,  
адамгершіліктің жаршысы болуға тиіс.*  
**Спандияр Көбеев**

Мемлекетіміздің өзіне және болашақ тәрбиеленушілеріне жеке тұлғалық-гуманды позицияны ұстаушы, білгір де білікті мамандарды даярлауға деген қажеттілігі бірнеше өзекті проблемаларды қозғайды.

Осындай өзекті мәселенің бірі – жоғары оқу орны оқытушысы имиджін қалыптастыру мәселесі. Мұның айғағы Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев-

тың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» - деп атап көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2007 жылғы 28-ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының отыз басым бағытын айқындап, солардың бірі заман талабына сай, жоғары сапалы, халықаралық стандарттарға сай білім беру екендігіне тоқтала келе: «Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін жолға қоюға тиістіміз» - деп атап көрсетілген [2].

Қазақстан заңдары білім беруді қоғамның және мемлекеттің рухани, әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуының негізі деп жариялайды. «Білім туралы» заңда білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі: еңбек рыногында бәсекеселесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру [3].

Қазақстан Республикасындағы Жоғары педагогикалық білім берудің басты мақсаты оқушының жеке басының қалыптасуы мен даму мәселесін шығармашылықпен шешуге қабілетті кәсіби жағынан компетентті жаңа формацияның педагогын даярлау делінген. Концепцияда педагогтың құзіреттілігі үш тұрғыдан демек, жалпы мәдени (дүниеге көзқарас), әдіснамалық (психологиялық-педагогикалық) және пәндік-бағыттылық деп атап көрсетілген. Демек, бүгінгі мұғалімнің, педагогтың, тәлімгердің, оқытушының кәсіби шеберлігін, компетенттілігін жетілдіру бүгінгі педагогика және психология ғылымдарының ең өзекті мәселелерінің бірі болмақ [4].

Шығыстың ұлы ғалымы Әбу Насыр әл Фараби: «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» – деген болатын [5]. Осынау қасиетті мамандық иесі болашақ мамандарды кәсіби-педагогикалық даярлауда жоғары оқу орны оқытушысы имиджін қалыптастырудың бүгінгі күнде алар орны ерекше екендігін білдіреді. Сондықтан, білім сапасын арттырудың негізгі тетігі – ұстаз екендігі, сонымен бірге оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі, ішкі жан дүниесі, сыртқы келбеті – оның педагогикалық имиджін құрайтындығын көрсетеді.

Қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдайда жоғары оқу орындарында білім беру үдерісінде жаңа авторлық технологиялар мен оқу-тәрбие барысында шығармашылықпен шебер, әрі тез шешім таба білетін өз жұмысында қабілетті жан-жақты оқытушыларға жаңа талаптар қойылып отыр.

Еліміздің ертеңі - болашақ маманның кәсіби білімділігімен өлшенеді. Сондықтанда білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ - ұлтымыздың баға жетпес бай қазынасы. Қазіргі уақытта педагогика, психология ғылымдарының өзекті мәселелерінің бірі – болашақ маманды даярлау, жан - жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстарды жасауға қабілетті, дүние көзқарасы кең, рухани бай кәсіби маман дайындау болып табылады.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар, түрліше кәсіптік бағдарламаларға негізделген жаңа типтегі оқу орындарының пайда болуы болашақ мамандарды даярлау ісіне нақты талаптар қояды. Отандық ғалымдардың қоғам талабына сай жүргізіліп жатқан өзгерістерге тән жоғары оқу орындарында жаңа типтік құрылымдар мен әдістерді енгізуі әлемдік стандартқа сай мамандарды дайындау үшін күш жігерлерін ғылыми тұрғыда байланыстыра отырып, қызмет етуде.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби біліктері мен қабілеттері, тұлғалық қасиеттерін педагогикалық тұрғыдан дамыту мәселесін Н.Д.Хмель тұжырымдады [6].

Жоғары оқу орындарындағы оқу – тәрбие процесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын қалыптастыру мәселелеріне отандық ғалымдардан К.С.Успанов, С.С.Құнанбаева, Д.М.Жүсіпәлиева, Г.Қ.Нұрғалиева, А.А.Калюжный, С.Т.Каргин, Ш.Т.Таубаева және тағы басқа ғалымдардың еңбектері арналған [7,8].

Ғалымдардың еңбектерінде педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы, кәсіби даярлау жүйесінде және тәлімгерлік жұмысының барысында болашақ мұғалімдердің кәсіби жағынан маңызды сапаларының қалыптасу жолдары айқындалып, педагогикалық жоғары оқу орындарының тәжірибесі сарапталған, кәсіби – педагогикалық бағдарлау жұмысы жүйеленіп берілген.

К.С.Успанов өз еңбегінде, педагогикалық процесте болашақ мұғалімдерді адамгершілікке, азаматтыққа, ізгілікке тәрбиелеуді кәсіби даярлаудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, теориялық және практикалық тұрғыдан жан – жақты негіздеп, сипаттама берген [7]. Ал А.А.Калюжный жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу жүйесінде мұғалімдердің кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптарға сипаттама беріп, ғылыми тұрғыда негіздесе [9] С.С.Құнанбаева, С.Т.Каргин зерттеулерінде болашақ мұғалімдердің кәсіби мәндік қасиеті мен кәсіби құндылық құндылықтарын қалыптастыру, мәдениетін көтеру жолдарын жан – жақты тұжырымдады [8,10].

Г.Қ.Нұрғалиева, Ш.Т.Таубаеваның еңбектерінде жалпы білім беретін орта мектептер мен жоғары оқу орындарындағы студенттердің құндылық бағдарлы тұлғасын қалыптастырудың психологиялық, педагогикалық шарттарын айқындап, оны әдістемелік, теориялық және практикалық тұрғыдан делелдеп, сипаттаған [11,12].

Болашақ мамандардың өмірлік қызметі психикалық дамуы және тұлға ретінде қалыптасуы көптеген ғылыми еңбектерде қарастырылған.

Еңбек рыногындағы бәсекелестікте тек қана жоғары білікті маман болу аздық ететіндіктен әр педагог өзінің имиджін қалыптастыру уақыт мұқтажы. Өйткені, педагогтардың кәсіби біліктілігінің төмендігі, оқушылармен арадағы педагогикалық әдептілік негіздерінің олқылығы, педагогикалық ортадағы қарым-қатынастың сәтсіздігі және т.б. жағдайлар бүгінгі жоғары оқу орны оқытушысы имиджін қалыптастыру қажеттілігін айқындайтын сияқты.

Педагог имиджін қалыптастыру мәселелері ғалымдар назарынан тыс қалмаған, мәселен, имиджді қалыптастырудың психологиялық аспектілеріне Р.Ф.Ромашкина, Е.И.Манякина, Е.В.Гришунина, П.С.Гуревич, Ф.А.Кузин және т.б. еңбектеріне арналған [13].

Әйтсе де аталған зерттеулерде жоғары оқу орны оқытушысы имиджін қалыптастыру өзектілігі жан-жақты қарастырылмағандығын байқаймыз.

Жоғары оқу орны оқытушысы имиджі – оқытушы бейнесінің тәрбиеленушілер, әріптестер және әлеуметтік жұртшылық санасында, бұқаралық санада қабылданудың стереотипі. Жоғары оқу орны оқытушысы имиджі - оқушының, студенттің, ата-аналардың, жұртшылықтың ол туралы ойынан туған бейнесі.

Имиджді құраушылар біріншіден, адамның өзі, оның әлеуметтік ортада өзі туралы қандай мәліметтерді жеткізу мақсатында әрекеті, айналасындағыларға қандай қырынан көрінетіндігі.

Педагогикалық имидж кәсіби құндылықтар мен жеке тұлғалық мәнді жүйенің қалыптасуы. Дұрыс таңдалған имидж арқылы тез арада нақты әлеуметтік ортаға еруге, өзіңе назар аудартуға және жағымды қарым-қатынас орнатуға, имидж арқылы басқалардың нақты адамның ішкі әлемін көруіне болады,

Имидж - тұлғаның жан-жағынан тартымдылық аймағын құруға, оның ең жақсы қасиеттерін көрсетуге, әлеуметтік қалыптасуына мүмкіндік береді, жеке тұлғалық қарым-қатынаста үйлесімділік орнатады.

Имидж арқылы жеке тұлғаны көтермелеуге болады. Дұрыс таңдалған имидж адам бойындағы жағымды тұлғалық, кәсіби және іскерлік сапаларды көру мүмкіндігін туғызады. Әсерлі, тартымды имидж өзгелерді өзіне тартады.

Сондай-ақ, оқытушының этикалық кодексіне сәйкес білім алушылардың білімділігі мен мәдениеттілігіне қамқор болуы, өз Отанының шынайы патриоты болуға тәрбиелеуі; педагогикалық шеберлігі мен өзінің теориялық білімін үнемі жетілдіріп отыратын кәсіби маман болуы, білім жолындағы ізденісі негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын белсенді жүргізіп, нәтижелерді хабарлауда дәлелдемелермен қамтып, пікір алысу барысында шыншылдық танытуы; ұқыптылық пен парасаттылықтың, имандылық пен өнегеліліктің белгісі бола білуі, Қазақстан мемлекеттілігінің белсенді насихаттаушысы, жемқорлықтың, жауапкершіліксіздік пен тәртіпсіздіктің ұстамды қарсыласы болуы, өз іс-әрекетімен студенттерге еңбек және оқу тәртібінің ережесін сақтаудың қажеттілігін, әріптестермен сыйласымды қарым-қатынас орнатуды дәлелдеуі, өзіне, өзінің сөзі мен іс-әрекетіне талап қоюы, өз қателіктерін ашық мойындауы және оны түзетуі, білімгерлер мен өз әріптестерін кәсіби бағалауда шыншылдық танытуы, жинақылығы, сөзінің ісіне сәйкес келуі, қызмет барысында өзінің бағытын ашық көрсетуі және өз көзқарасын дәлелдей білуі – осылардың барлығы педагогтың кәсіби имиджін құрайды.

Имидж беделді және әлеуметтік статусы жоғары маманның бейнесі және педагогикалық имиджді қалыптастырушы көбінесе сол білім беру мекемесінде білім алушы болашақ маман немесе сол білім ордасының оқытушысы, олай дейтініміз аталған субъектілердің жағымды және жағымсыз әрекеттеріне байланысты білім беру мекемесінің және мамандықтың біздің жағдайымызда педагогтың имиджі қалыптаспақ.

Болашақ маманның белгілі бір пәннен білім көрсеткіші оқытушының имиджіне тікелей байланысты. Егер, студент оқытушыны ұнатпаса оның сабағына да ынтасы болмайды, нәтижесінде сол пәннен оқу үлгерімі төмендеуі мүмкін. Білім алушы, демек студент үшін беделді оқытушы болашақ маманның имиджін қалыптастырушы фактор да бола алады. Себебі, білім алушының уақытының көп мөлшері оларға білім ғана беріп қоймай, сонымен қатар оларды тәрбиелейтін және жеке тұлға ретінде қалыптастыратын білім ордасында өтеді. Осыдан оқытушының жеке имиджі қалыптасады. Жеке имидж – бұл ортаның, белгілі бір топтың берген бағасы.

Білім алушылардың әлеуметтік және балалық шақтан алған әсерлері мен тәжірибелері үлкен өмірге өтуіне әсер етеді. Оқытушының тұлғасы білім алушының жеке тұлға болып қалыптасуына әсер етеді.

Сонымен, педагогикалық ортаның, мекеменің имиджі педагогтың жеке тұлғалық имиджіне байланысты, бұған керісінше педагогтың имиджі де білім беру мекемесі имиджін қалыптастыруға әсер етеді. Мысалы, педагогтың кәсіби кредосы, білімі, беделі, сенімі, құрметтілігі, мәдениеттілігі, тұлғалық және кәсіби қасиеттері, сапалы білім беруі - білім ордасының имиджін қалыптастырады. Алайда, адамның ішкі әлемінің жұтаңдығын, кәсіби дәрежеде төмендігін, қызығушылықтары мен құндылықтарының таяздығын ешқандай сыртқы әдемілік алмастыра алмайды. Егер, сіздің сыртқы келбетіңіз ішкі әлеміңізге сәйкес келмесе, онда сіз жетістікке жете алмайсыз. Имидж - кез келген жұмыста жетістікке жетудің негізгі шарты.

Жоғары оқу орны оқытушысы имиджі - тәжірибе, теориялық білім, практикалық іскерлік және мәнді жеке тұлғалық сапалардың негізінде пайда болатын өзекті педагогикалық іс-әрекетті орындауға мүмкіндік беретін күрделі құрылым. Болашақ маман тандап алған мамандығының позитивті имиджін қалыптастыруға өз үлесін қосуы тиіс. Педагогикалық имидж - оқытушының тартымдылығы, білім алушыларға, әріптестеріне, ата-аналарға ұтымды әсері, оның ішкі әлемі мен сыртқы тұр-тұрпатының үйлесімділігі. Имидж оқытушының кәсіби бейнесі. Олай болса, имидж: сыртқы бейнеден; вербалды және вербалды емес қарым-қатынасты пайдалану құралынан; ішкі «Мен» сезімінің кәсібіне сәйкестігінен тұрады. Имидж – адамның тұлғалық, кәсіби қасиеттерімен іскерліктерінің көрінуіне мүмкіндік беретін, күнделікті қарым-қатынаста жайлылық пен оптимистік көңіл-күйді туындататын бір үлкен бағыт. Педагогтың кәсіби жетістігіне жетуіне, әріптестері мен білім алушыларының арасында беделге ие болуына, маман ретінде өзіне деген өзіндік құрметтің қалыптасуына әсер ететін де имидж.

Байқасақ, осы айтылған пікірлердің барлығы да имидждің ерекшелігін, мән-мағынасын ашқанымен, педагогикалық имидж мазмұнын, мағынасын, құрылымын, элементтерін ашуға да септігін тигізеді.

Имидж тұлғалық коммуникативтік, әрекеттік және сыртқы мінез-құлықтық құрамалардан тұратындықтан, оқытушының ішкі әлеуеті, рухани әлеуеті, студентке, өз ісіне деген сүйіспеншілігі, мейірімділігі мен қарым-қатынасын құра білуі, педагогикалық нышанының, іскерлігінің, қабілетінің, күзиреттілігінің көрінуі, студенттің осы кәсіби қасиеттерді сезінуі, қабылдауы да имиджді құраушы элементтердің бірі. Студенттер оқытушының жеке тұлғасына қызықпаса білім алуға деген қызығушылығы да болмайды деген байламға келуге болады. Себебі, студенттің уақытының көп мөлшері оларға білім ғана беріп қоймай, сонымен қатар оларды тәрбиелейтін және жеке тұлға ретінде қалыптастыратын жоғары оқу орнында өтеді. Әлеуметтік және мектептен алған әсерлері мен тәжірибелері үлкен өмірге өтуіне әсер етеді. Оқытушының жеке басы студенттің жеке тұлға болып қалыптасуына көмектеседі.

Сондай-ақ, кәсіби қасиеттерді тұлғалық-адами қасиеттерден ажырату өте қиын болғанымен оқытушыны кәсіби жетістікке әкелетін, педагогтың имиджін қалыптастырушы басты сыртқы көрінетін, ішкі сапа-қасиеттердің алатын орны ерекше.

Сонымен, педагогикалық ортаның, мекеменің имиджі педагогтың жеке тұлғалық имиджіне байланысты, бұған керісінше педагогтың имиджі де мекеме имиджін қалыптастыруға әсер етеді [14]. Мысалы, педагогтың кәсіби кредосы, қасиеттері, сапалы білім беруі – білім ордасының имиджін қалыптастырады. Алайда адамның ішкі әлемінің жұтандығын, кәсіби дәрежеде төмендігін, қызығушылықтары мен құндылықтарының таяздығын ешқандай сыртқы әдемілік алмастыра алмайды. Егер, сіздің сыртқы келбетіңіз ішкі әлеміңізге сәйкес келмесе, онда сіз жетістікке жете алмайсыз. Имидж – кез келген жұмыста жетістікке жетудің негізгі шарты. Олай болса, біздің ойымызша, педагогикалық имидж – оқытушының тартымдылығы, студенттерге, әріптестеріне ұтымды әсері, оның ішкі әлемі мен сыртқы тұр-тұрпатының үйлесімділігі. Имидж оқытушының кәсіби бейнесі.

Бүгінгі жоғары мектеп оқытушысы оқу үдерісін ұйымдастыратын және басқаратын субъект болып табылады. Оқытушының тұлғалық мінездемесі, оның өзін-өзі ұстау және қарым-қатынас жасау стилі, әріптестерімен және шәкірттерімен өзара қарым-қатынас жасау қабілеті оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін, студенттің жеке тұлғасының дұрыс қалыптасуын айқындайды.

Жоғары мектеп оқытушысы педагогикалық, ғылыми және ұйымдастырушылық қызметтер атқарады. Оның жоғары кәсіби дайындығы, біліктілігі, жоғары танымы, белсенді әлеуметтік ұстанымы болуы тиіс. Оқытушылар шәкірттері болғандықтан студенттермен жақын араласады, қызығушылықтарын, ерекшеліктерін, танымдық қажеттіліктерін, зейіндік белсенділіктерін, көңіл-күйін, рухани сұраныстарын ескеріп отырады. Жоғары оқу орнының танымал оқытушысы болу бүгінгі уақытта педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұштастыра білгенде ғана мүмкін болады.

Жоғарыда қарастырылған мәселені қорытындыласақ, мықты маман болу үшін қызметін жақсы білу және жай ғана әдемілік бұл қоғамда жеткіліксіз екендігін айтамыз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. – 2012, 15 желтоқсан.

2 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауы. 28.02. 2007ж.

3 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 15 тамыз. – Б. 3-4.

4 Қазақстан Республикасының (жаңа формация педагогын даярлау) үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 2005. – 32 б.

5 Әл - Фараби. Әлеуметтік – этникалық трактаттар. – Алматы. 1975. – 419 б.

- 6 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Наука, 1998. – 320 с.
- 7 Успанов К.С. Теория и практика формирования профессионально значимых качеств у будущих учителей. – Алматы: Ғылым, 1998. – 228 с.
- 8 Каргин С.Т. Влияние профессионально – педагогической направленности обучения на формирование педагогического мышления будущих учителей: дис. .канд. пед. наук. – Алма – Ата, 1988. – 150 с.
- 9 Калюжный А.А. Теория и практика профессиональной подготовки учителя к нравственному воспитанию учащихся в целостном педагогическом процессе: дис.докт. пед. наук. –Алматы, 1994. – 328 с.
- 10 Кунанбаева С.С. Методика обучения лексико – грамматическому оформлению высказывания в языковом вузе: дис.канд. пед. наук. – Алма – Ата, 1979. –185 с.
- 11 Нургалиева Г.К. Ценностное ориентации личности: Методология, теория, практика формирования. – Алматы: АГУ им. Абая, 1994. – 44с.
- 12 Таубаева Ш.Т. Научные основы формирования исследовательской культуры учителя общеобразовательной школы: дис...док. пед. наук. – Алматы, 2000. – 409с.
- 13 Калюжный А. А. Формирование имиджа учителя. – М: Владос, 2005,177 с
- 14 Кузьмина Н.В. Формирование педагогических способностей. – Л.,1961. –98.

**Фазылова СалияСатемировна**  
магистр п.и.п.  
ст.преподаватель КГУ. Ш.Уалиханова.  
г. Кокшетау

## РОЛЬ ИННОВАЦИОННЫХ ПОДХОДОВ В ОБРАЗОВАНИИ И ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ

### АННОТАЦИЯ

*Өзектілігі. Жаңашылдiс және технологиялар арқылы бiлiм сапасың жоғарту. Халықаралық талаптарға сай бiлiм саласындағы кадрларды даярлау.*

**Түйiндi сөздер:** жаңашыл, әдiс, компонент, қайта даярлау,технология.

### АННОТАЦИЯ

*Актуальность. Улучшения качества образования, через внедрения инновационных методов и технологии в обучение. Подготовка кадрового потенциала в образовании в соответствии современными международными требованиями.*

**Ключевые слова:** инновация, переподготовка, методы, компоненты, технология.

### ABSTRACT

*Relevance.Improving the quality of education, through the introduction of innovative methods and technologies in teaching. Personneltraining.*

**Keywords:**component, innovative, methods, retraining, technologies.

Современное образование требует инновационного подхода. Непременными свойствами инноваций в специальном профессиональном образовании являются новизна и востребованность продукции на рынке труда. Прежде всего – это скорейшее обновление всей структуры содержания образования с учетом запросов индустриально-инновационного развития рыночной экономики, развитие всей инфраструктуры подготовки кадров образования и, что очень важно повышение престижа обучения. Проблема качественного преподавания актуальна, не хватает квалифицированных педагогов начального, среднего и высшего профессионального образования.

Целью Казахстана является вхождение в число 50 наиболее конкурентоспособных государств мира, для этого необходимо создать у нас современную высокоэффективную